

# ҮНДІ ФИЛОСОФИЯСЫ

---

# ЖОСПАРЫ:

---

- Кіріспе бөлім
- Ежелгі үнді философиясы
- Негізгі бөлім
- 1. Үнді философиясының ерекшеліктері
- 2. Үнді философиясының мектептері
- 3. Құдайлары мен негізгі ұғымдары
- Қортынды бөлім

# ЕЖЕЛГІ ҮНДІ ФИЛОСОФИЯСЫ

- Ежелгі Үнді философиясы. Үнді философиясын зерттеуші ғалымдар философия ғылымының бастауы, бүкіл Шығыстың философиялық идеяларының қайнар көзі Үнді елі, ең бастысы – Үнді ойшылдары адамзатты осы күнге дейін толғанып келе жатқан мәселелерді көне заманның өзінде-ақ қоя білді деп есептейді. Бұл пікірлермен жалпы алғанда келісуге болады.

- Ежелгі Үнді қоғамы төрт варнаға бөлінді: брахмандар, кшатрийлер, вай-шьялар және шудралар. «Варна» сөзі «түс, қабық, бояу» дегенді білдіреді және әрбір варнаның өз түсі болды. Варна – тұйық жүйе, адамның варнадағы орны және әрбір варнаның қоғамдағы орны қатаң сақталынды. Мысалы, некелік қатынастар тек бір варнаның шеңберінде ғана жүзеге асырылуы тиіс, бір варнадан екінші варнаға өтуге болмайды және әрбір варнаның өкілдері кәсіптің белгілі бір түрімен ғана айналыса алады

.Брахмандар – ой еңбегімен, кшатрийлер – әскери істермен, вайшьялар – жер өңдеумен, қолөнермен және саудамен, ал шудралар – қара жұмыспен шұғылданды. Атап өтетін бір ерекшелік – варналарға қатаң бөліну қазіргі заманғы Үнді мемлекетінде осы күнге дейін қатаң сақталып отыр. Біздің ойымызша, қазіргі заманғы Үнді мемлекетінің дамуын тежеуші факторлардың бірі осы болуы да мүмкін.

## **Көне Үнді философиясының басты ерекшеліктері:**

- 1) ғылыми оймен байланысының аздығы;
- 2) жеке тұлғалық сипатының нашарлығы;
- 3) діни-мифологиялық оймен тығыз байланыстылығы;
- 4) философиялық ой ескерткіштерінің хронологиялық жағынан жүйесіздігі және белгісіздігі;
- 5) негізгі философиялық ұғымдардың мән-мағынасының күрделілігі және сантүрлілігі.



Ежелгі Үнді философиясының бастауы – біздің дәуірімізге дейінгі II және I мыңжылдықтарда қалыптасқан Ведалар, олар тек Үнді елінің ғана емес, бүкіл адамзаттың көне әдеби ескерткіштері болып саналады. Кейінірек Көне үнді тілі санскритте жазылып алынған Ведалар Үнді қоғамының рухани мәдениетінің, философиялық ойларының қалыптасып-дамуында айқындаушы рөл атқарды.



«Веда» сөзі «білім» дегенді білдіреді, бірақ бұл ерекше білім: гимндер, дұғалар, құрбандық шалу, садақа беру формулалары. Оларда дүние, адам, адамгершілік туралы алғашқы философиялық түсініктер бейнеленді. Ведалар 4 бөліктен тұрады:

1) Самхиттер – құдайларға арналған гимндер жинағы; олардың ең көнесі Ригведалар құдайларға арналған 1028 гимннен тұрады;

2) Брахмандар – діни салт өлеңдер жинағы, философиялық маңызы аса зор болмаса да, Самхиттер мен Упанишадалардың арасын байланыстырып тұр.

3) Араньяктар – «Орман кітаптары» – қоғамнан бөлектенушілерге немесе орман кеңістігінде ақиқат пен табиғат туралы ойға берілушілерге арналған ережелер жинағы. Қоғамнан бөлектенудің өзі «іс-әрекет жолынан» «білім жолына», тереңірек пайымдау жолына көшу дегенді білдіреді, яғни Араньяктарда дүниетанымдық мазмұн басымырақ бола бастайды.

4) Уланишадалар – философиялық мазмұны терең, рационалистік сипаты басым негізгі бөлім, Ведаларды аяқтаушы болғандықтан кейде веданта («Ведалардың соңы») деп аталады. Алғашқы упанишадалар шамамен алғанда біздің дәуірімізге дейінгі VII-VI ғасырларда қалыптасып, бұл дәстүр XII-XII ғасырларға дейін жалғасты. Урапі-sad («қасында отыру»), яғни ұстаздың аяғының жанында отырып, уағыз тыңдау, «жұмбақ білім» дегенді білдіреді. Упанишадалар – ұстаздың шәкіртпен диалог-әңгімесі, оның тақырыбы – болмыстың алғашқы бастауы, сол арқылы табиғат пен адамның бойындағы құбылыстар түсіндіріледі.

# Көне Үнді философиясының негізгі мектептері

Г Жайнизм – көне Үнді философиясының маңызды бағыттарының бірі, аттары аңызға айналған 24 тақуа-тиртханкар дамытқан. Олардың соңғысы – біздің дәуірімізге дейінгі VI-V ғасырларда өмір сүрген, Джина (Жын), немесе, Жеңімпаз деген атқа ие болған ойшыл Махавира болды. Жайндардың көзқарастарында олардың өмір сүрген кезеңдеріне байланысты ерекшеліктер болғанымен, мынадай төрт тиым салуды олар бұлжытпай сақтады: ахимса – тірі мақұлықтардың ешқайсынының өміріне зиян келтірмеу; астейя – ұрлық жасамау; сатья – шыншылдық; апариграха – үйірсектікке (М.Әуезов өзінің «Будда» еңбегінде осы ұғымды «жабыспау» деп аударған) тиым салу

Махавира бұл тиымдарға бесіншісін – брахмачарья – некеден бас тартуды қосты. Жайн монахтары ұстанулары тиіс осы тиым салулар екі мың жарым жыл бойы қатаң сақталып отырғанын ескерте кеткен дұрыс.

Уақыт өте Махавираның жолын қуушылар екі бағытқа бөлінді: ди-гамбаралар («ауа киіндіргендер») және шветамбаралар («ақ кигендер»).



Жайндардың онтологиясы туралы айтсақ, олар заттарды санадан тыс және одан тәуелсіз өмір сүреді деп түсінді және бес немесе алты субстанцияны беліп көрсетті:

1) джива – тірі, жан, рухани субстанция; дживалардың саны шексіз көп; 2) зат; 3) кеңістік; 4- және 5) қозғалыс пен тыныштықты бейнелейтін дхарма мен адхарма; 6) уақыт.

Жайндардың пікірінше, субстанциялар мәңгі және өзгермейді, өзгертін олардың көріністері ғана, заттан басқа субстанциялар бөлінбейді және формалары жоқ, яғни, олар сезім мүшелері арқылы қабылданбайды, сезілмейді және денесіз. «Тірі» болып есептелетін дживадан басқа субстанциялар «тірі емеске» жатады.

Бұл субстанцияларды қысқаша сипаттасақ, барлық субстанциялар оларды өзіне сиғызатын кеңістікте өмір сүреді. Кеңістік үздіксіз, бірақ адам оны көз алдына елестете алуы үшін жайндар оны сансыз көп идеалдық бірліктерге – прадешаларға бөлінеді деп түсіндіреді. Жайндар шексіз кеңістікті екіге бөледі: көрінетін әлем кеңістігі – «дүние» (лока) және «дүние-емес» (а-лока), соңғысына көрінетін кеңістік пен прадешалардың шексіз саны кіреді.





Зат, жайндардың түсінігінде, ұсақ және бөлінбейтін бөліктер – атом-дардан тұратын, бірігетін және ыдырайтын, сезілетін, формасы бар, бел-сенді, әр түрлі қасиеттерге ие, қозғалыста болып отыратын субстанция. Оның алты күйі бар:

стхула-стхула – «өте дөрекі», яғни қатты заттар.

стхула – «дөрекі», мысалы, сұйықтар;

стхула – сукшма – «дөрекі-нәзік», мысалы,

көлеңкелер және айнадағы бейнелер;

сукшма-стхупа – «нәзік-дөрекі», көзге көрінбейтін газдар, иістер;

сукшма – «нәзік», ешқандай сезім мүшелері қабылдамайтын карма, энергия; сукшма-сукшма – атом секілді «өте нәзік» зат.

Уақытты субстанция деп тек қана дигамбаралар мойындайды, ол бар-лық субстанциялардың барлық көріністерінің әлемдік кеңістікте пайда болуының, өмір сүруінің және жойылуының негізі ретінде қарастырылады.



Адам және оның өмірі мәселесін шешуде жайнизм «өмір дегеніміз -азап» ұғымын ұстанады. Азап – карма заңының нәтижесі. Карма заңының мәні мынада: жеке өмір ағынын құрайтын элементтерге бұрынғы элементтер мен адамгершілік сипаты бар істер әсер етеді, адамның жақсы немесе жаман қылығы бүкіл ағында ерте ме, кеш пе, бір салдар туғызады. Жайнизм бұл заңды жеңуге болатынына сенімді, оны жеңетін джина (жын).

Өткен өмірдегі жаман істерді адам үш нәрсені орындау - дұрыс сенім, дұрыс таным және дұрыс мінез-құлық арқылы жеңе алады, бірақ адам азаптан толық құтылу үшін жан денеден тәуелсіз, жоғары тұруы керек. Дене құрсауынан шыға алмаған жан құмарлыққа, нәпсіге икем келеді де, бейнет шегеді, тері арқылы жанның ішіне лас заттар ағыны өтіп, адам моральдық азғындауға ұшырайды.




Үнді философиясының басқа бағыттары сияқты буддизм де өлі ма-терияның, органикалық дүниенің және жанды дүние элементтерінің арасында себептілік бар екендігін мойындайды және соңғы себептілікті ерекше бөліп көрсетеді (карма теориясы). Буддистер карманы адамның өмірін ең басты бақылаушы деп есептемегенімен. адамдарды карманың бар екендігін ұмытпауға шақырады, сол арқылы ізгілікке жетелейді.

Адамгершіліктік ластану ағынның барлық элементтерін кірлетеді, сондықтан оны бірте-бірте жойып, мүлдем тазару жолымен нирванаға жетуге болады. Нирвана – адамдардың көпшілігі үстіртін түсініп жүргендей жәй ғана рахатқа бөлену емес, зұлымдық пен нәпсіні тыю жолымен жансыз, сезімсіз абсолютке айналу, сананы өшіру. Бір сөзбен айтқанда, абсолюттік тыныш күйге жету.



Буддизм – көне Үнді философиясының басты ағымы, буддизм дінін: негізінде дүниеге келген. Негізін қалаушы – біздің дәуірімізге дей: 560-480 жылдары Гималайдың бауырындағы Капилавасту мемлекетіне өмір сүрген Сидхартха Готама (философиялық әдебиеттердің көбін Сидхарта Гаутама деп жазылып жүр).

Жас шағында бақытты, төрт  
құбыласы тең болып өмір сүрген  
Гаутама өмірдің кәрілік, ауру,  
өлім секілді жағымсыз құбылыс-  
тарымен кездескен соң адамды  
азап-қасіретке толы мұндай  
өмірден құтқару керек деп шешті.



# ҮНДІ МИФОЛОГИЯСЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ҚҰДАЙЛАР МЕН НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР;

- ИНДРА-найзағайдын, күн куркіреудін Құдайы;
- Митра – күн Құдайы;
- Варуна – аспан Құдайы;
- Агни –от Құдайы
- Яма –өлім құдайы;
- Тапас –дене інкар, жылылық;

- Рита – ғарыштағы тәртіп;
- Пуруша- ғарыш адамы, рух, жан;
- Карма – адамның тағдырын құрайтын жан-дүние;
- Сансара – ғарыштағы қысылған, күйзелген жан –дүние әлемі
- Мокша –бұл дүниедегі азаптан құтылып, дүниежүзілік рухқа қосылуға мүмкіншілік алу;
- Дхарма – заң мен әділет Құдайы;

# ҚОРТЫНДЫ

---

- Үнді философиясы адам баласының бұл дүниеде жақсы өмір сүріп, о дүниеде мәңгілік өмір сүруне жол салады. Үнді философиясының қалыптасу нәтижесінде, әлемдік ірі үш діннің бірі қалыптасты ол БУДДИЗМ. Буддизм адамды мәңгілік өмір сүруге негізделген....